
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026
		27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 1-10

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
республикалық мемлекеттік мекемесіне
ШЕТЕЛДІК МАМАНДАРДЫ ТАРТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026
		27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-10

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ


ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми-инновациялық бөлімі

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «27» ақпан 2026 жылы №8 хаттама № 1 баспа

3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ

4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ 3 ЖЫЛ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026
		27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3-10

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Шақыру тәртібі	5
3. Қаржыландыру және шығыстар бағыттары	5
4. Салық салу	7
5. Медициналық сақтандыру	7
6. Өзгерістер енгізу тәртібі	7
7. Қорытынды ережелер	8



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

П 017-2.06-2026

27.02.2026

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 4-10


БЕКІТІЛДІ

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
«27» ақпан 2026 жыл №8 хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы
А. Жудебаев



1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің (бұдан әрі – Академия) Жарғысына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының салық және бюджет заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы Ереже шетелдік мамандарды шақыру, шарттық қатынастарды ресімдеу, қаржыландыру, шығыстарды есепке алу және есептілік жүргізу тәртібін айқындайды.
- 1.3. «Шетелдік маман» деп ғылым, өнер, мәдениет, бизнес немесе өзге де салаларда кәсіби құзыреттері бар, Академияға білім беру, ғылыми және консультациялық қызметтер көрсету, дәрістер, семинарлар, вебинарлар, тренингтер, шеберлік сабақтар, курстар өткізу, конференцияларда ғылыми баяндамалар жасау мақсатында шақырған шетел азаматы танылады. Сондай-ақ ғылыми дәрежесі бар және Академия докторанттарына ғылыми жетекшілік етуге немесе Академияның ғылыми жобаларына қатысуға тартылатын маман да шетелдік маман болып есептеледі.
- 1.4. Академия мен шетелдік маман арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қызмет көрсетуге арналған азаматтық-құқықтық шартпен ресімделеді.
- 1.5. Осы Ереже шеңберінде тек қызмет көрсетуге арналған азаматтық-құқықтық шарттар жасалады. Еңбек шартын жасасу өзге тәртіппен жүзеге асырылады және осы Ережемен реттелмейді. Шетелдік маман Академияның штаттық құрамына енгізілмейді.
- 1.6. Ойын-сауық және бос уақытты ұйымдастыру іс-шараларына байланысты шығыстар өтелмейді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026 27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-10

2. Шақыру тәртібі

2.1. Шақыру бастамашысы Академияның кафедрасы немесе құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2.2. Бастамашы Ректордың атына төмендегі құжаттар қоса тіркелген негіздемелік қызметтік жазба ұсынады:

- іс-шаралар бағдарламасының жобасы;
- жоспарланған шығыстардың есебі;
- жоспарлау-экономикалық бөлім мен бухгалтерлік бөлім келісімі.

2.3. Оң шешім қабылданған жағдайда Ректор немесе уәкілетті проректор ресми шақыру хатын жолдайды.

2.4. Шетелдік маманмен екіжақты қызмет көрсетуге арналған азаматтық-құқықтық шарт жасалады (қазақ және/немесе орыс тілдерінде; қажет болған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқасына жол беріледі).

2.5. Міндетті құжаттар мыналар болып табылады:

- бекітілген іс-шаралар бағдарламасы;
- сабақ кестесі;
- шығыстар сметасы;
- көрсетілген қызметтер актісі.


3. Қаржыландыру және шығыстар бағыттары

3.1. Қаржыландыру бекітілген смета шегінде Академияның бюджеттік және (немесе) бюджеттен тыс қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

3.2. Сметаға мыналар енгізілуі мүмкін:

- сыйақы (гонорар);
- жол жүру шығыстары;
- тәуліктік шығыстардың өтемақысы;
- тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар.

3.3. Сыйақы мөлшері маманның біліктілігін, көрсетілетін қызметтердің көлемі мен күрделілігін ескере отырып шартта айқындалады және сағаттық форматта белгіленуі мүмкін, мынадай шектерде:
(мөлшерлері мәтіннің келесі бөлігінде көрсетіледі)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026 27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 6-10

Кесте 1. Сағаттық сыйақының шекті мөлшерлері

Маман санаты		Формат	
ғылым саласында	өнер және мәдениет саласында	Оффлайн	Онлайн
Әлемдік деңгейде танылған ғалым, Нобелевская премия лауреаты, ғылым саласындағы халықаралық наградалар мен сыйлықтардың иегері	Өнер және мәдениет саласындағы әлемдік деңгейдегі маман, престижді халықаралық наградалар мен сыйлықтардың иегері	сағатына 50–60 АҚШ долларына дейін	сағатына 40–50 АҚШ долларына дейін
Ғылым докторы, профессор	Өнер және мәдениет саласындағы маман, мемлекеттік дәрежедегі құрметті атақтар мен наградалардың иегері, халықаралық наградалар мен сыйлықтардың лауреаты	сағатына 40–45 АҚШ долларына дейін	сағатына 30–35 АҚШ долларына дейін
Ғылым кандидаты (PhD докторы), доцент	Өнер және мәдениет саласындағы маман, халықаралық конкурстар мен сыйлықтардың лауреаты	сағатына 30–35 АҚШ долларына дейін	сағатына 20–25 АҚШ долларына
Практик маман		сағатына 20–25 АҚШ долларына дейін	сағатына 10–15 АҚШ долларына дейін

Ескерту: Сыйақы теңге түрінде төленеді. Шетел валютасынан қайта есептеу төлем күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми курс бойынша жүргізіледі.


3.4. Сағаттық жүктеме күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

3.5. Сағаттық төлем бойынша болу мерзімі – 15 жұмыс күнінен аспауы керек. Қажет болған жағдайда ұзақ мерзімді ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтық форматта жүзеге асырылады.

3.6. Жұмыс орнына барып-келуге байланысты шығыстар нақты жұмсалған және құжаттық расталған шығыстар мөлшерінде, эконом-класс әуе билеті құны бойынша өтеледі. Әуе қатынасы болмаған жағдайда эконом-класс басқа көлік түрі бойынша шығыстар өтелуі мүмкін.

3.7. Тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары нақты жұмсалған және құжаттық расталған мөлшерде өтеледі, бірақ әрбір тәулік үшін 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспауы тиіс, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шегінде.

3.8. Тәуліктік шығыстар әрбір тәулік үшін 2 (екі) АЕК мөлшерінде өтеледі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шегінде.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026 27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7-10

3.9. Өтелетін шығыстарды растау үшін құжаттар (әуе билеттері, посадка талондары, қонақ үй шоттары, касса чектері, электрондық құжаттар және заңнамаға сәйкес рәсімделген өзге де құжаттар) ұсынылуы тиіс.

3.10. Растайтын құжаттар болу аяқталған күнінен бастап (немесе шартта белгіленген мерзімде) ұсынылады.

3.11. Өтемақы сомалары теңге түрінде төленеді, Ұлттық Банк белгілеген курс бойынша, егер шартта шетелдік маманмен басқа тәртіп көзделмесе.

3.12. Растайтын құжаттар болмаған жағдайда шығыстар өтелмейді, тек олардың ұсынылу мүмкін еместігі құжаттық түрде расталған жағдайларды қоспағанда.

4. Салық салу

4.1. Шетелдік маманның кірістеріне салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4.2. Академия салық агенті болып табылады және жеке табыс салығын төлем көзінен ұстап қалады.

4.3. Қос салық салудан аулақ болу туралы халықаралық келісім болған жағдайда, салық резиденттігін растайтын құжат ұсынылғанда, келісімде белгіленген тәртіп қолданылады.

4.4. Төлемге салықтық міндетті ұстап қалуларды есептегеннен кейінгі сома жатады.

5. Медициналық сақтандыру


5.1. Шетелдік маман Қазақстан Республикасында болу мерзімінде жарамды медициналық сақтандыру полисімен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.2. Сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда, медициналық мекемелермен өзара әрекет Академияның жауапты бөлімшесімен бірге жүргізіледі.

6. Өзгерістер енгізу тәртібі

6.1. Осы Ережеге өзгерістер Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.

6.2. Өзгерістер енгізудің негізі – профильдік бөлімшенің басшысының қызметтік жазбасы.


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026 27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8-10

7. Қорытынды ережелер







7.1. Осы Ереже Академияның Ғылыми кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.


7.2. Осы Ереже Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

7.3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Академияның Жарғысына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026 27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 9-10

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Ғылыми-инновациялық бөлімнің басшысы		Исалиев А. Т.
Келісілді:		
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Халыков К. З.
Академиялық істер қызметінің басшысы		Әбдірахман Г. Б.
Бас бухгалтер		Касымова Г. С.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.06-2026 27.02.2026
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 10-10

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.	Директордың оқу ісі бойынша	О.Аманжол	13.03.2026	[Signature]
2.	Адм. мәсел. к. ірікші	Ә. Әзіретов	13.03.2026	[Signature]
3.	Стр. мамандармен іс жүргізуші	Молдабаева А. Ә.	13.03.2026	[Signature]
4.	М. Әзіретов	М. Әзіретов	13.03.2026	[Signature]
5.	декан	Молдабаева А.	13.03.26	[Signature]
6.	декан келесі к. ірікші	Бакеева А.	13.03.26	[Signature]
7.	декан мұқ. өнер	Халимов	13.03.26	[Signature]
8.	декан т. ө.	Сараева М.	13.03.26	[Signature]
9.	декан Хореография студиясы	Сүтбаева	13.03.26	[Signature]
10.	декан спорт секторы	Байғалиева Б. А.	13.03.26	[Signature]
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				